



«Бекітемін»

Мектеп меңгерушісі:

Б.Артыкбаева

Педагогикалық кеңестің
2021/2022 оқу жылына арналған
жұмыс жоспары

№	Педкеңес тақырыбы	Жауаптылар
Тамыз		
1	№ 1 педкеңес Тақырыбы: «2021/2022 оқу жылындағы «№17 Еркіндік бастауыш білім беретін мектебі» КММ білім беру процесінің қорытындылары, Мектептің жаңа оқу жылындағы даму келешегі» Педкеңес өткізу жоспары: 1. 2021-2022 оқу жылындағы мектептің оқу- тәрбие жұмыстарына талдау.2021-2022 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмыстарының жылдық жоспарын, мектептің ішкі тәртіп ережесін және сабақ кестесін бекіту және 2021-2022 оқу жылындағы өзгерістер туралы. 2.Тарификация, мұғалімдердің жүктемесін, сынып жетекшілердің пән бойынша жүктемелік сағаттарын бөлісу, мұғалімдердің күнтізбелік жоспарын бекіту 3.Жалпыға бірдей білім беруді қамту, 2021-2022 оқу жылындағы оқу- тәрбие жұмыстарын жоспарлау және іске асыру. 4.Аттестациядан өтетін мұғалімдердің кестесін бекіту. 5.2021-2022 оқу жылындағы үлгілік оқу жоспарын таңдау туралы. 6.Мектеп оқушылары арасындағы ата-анасы жоқ, жетім және тұрмысы төмен балалардың тізімін бекіту. 7.Лауазымдық міндеттерді бөлісу,бекіту 8.Өртүрлі мәселелер.	Мектеп меңгерушісі, педагог-психолог
Қараша		
2	№ 2 педкеңес Тақырыбы: «Сынып жетекшісі мектептегі тәрбие жұмысының басты буыны ретінде» Педкеңесті өткізу жоспары: 1. Нормативтік құжат талаптарына сәйкестік,педагогикалық кеңестің шешімдері мен ұсыныстарын орындау. 2. 1-тоқсандағы оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуының салыстырмалы мониторингі. 3. Сынып жетекшісінің ұстанымы.	Мектеп меңгерушісі, педагог-психолог

	4. Сынып жетекшісінің лауазымдық нұсқаулығын оқу және толықтыру. 5. Оқушылар арасындағы суицидтің алдын алу.	
Қаңтар		
3	№ 3 педкеңес Тақырыбы: «Білімге деген сұраныстары ерекше оқушыларға білім беру қызметінің мазмұны мен ұйымдастыру» Педкеңесті өткізу жоспары: 1. Нормативтік құжат талаптарына сәйкестік, педагогикалық кеңестің шешімдері мен ұсыныстарын орындау. 2. 2-тоқсандағы оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуының салыстырмалы мониторингі. 3. Kundelik.kz электронды журналының жүргізілуі туралы. 4. Республикалық «Қамқорлық» акциясын өткізу туралы. 5. Мектепте 2 жарты/жылдыққа тарификация жасау.	Мектеп меңгерушісі, педагог-психолог
Наурыз		
4	№ 4 педкеңес Тақырыбы: «Бағыттар бойынша оқу жүйесінде дарынды балалармен жұмыстың заманауи тәсілдері» Педкеңесті өткізу жоспары: 1. Нормативтік құжат талаптарына сәйкестік, педагогикалық кеңестің шешімдері мен ұсыныстарын орындау. 2. 3-тоқсандағы оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуының салыстырмалы мониторингі. 3. Мұғалімдер мен дарынды оқушылардың өзара әрекеттесу формалары мен әдістерін жетілдіру 4. Дарынды балалармен жұмыс тәжірибесін қорытындылау 5. Пәндік олимпиадаларға қатысу нәтижелері	Мектеп меңгерушісі, педагог-психолог, мұғалімдері
Мамыр		
7	№ 5 педкеңес Тақырыбы: «1–4, сынып оқушыларын келесі сыныпқа көшіру туралы. Оқушыларды марапаттау туралы» 1. IV-тоқсан және БЖБ, ТЖБ, МІБ-дың қорытындысы. Күнделік кз журналының толтырылуы туралы. 2. 2021-2022 оқу жылындағы атқарған жұмыстарды талдау 3. 1-4 сынып оқушыларын келесі сыныпқа көшіру туралы. - Бітіруші 4- сыныптың құжаттарын толтыру туралы. 4. Жыл қорытындысы бойынша статистикалық есеп. - Мониторинг жасау. 5. Жазғы мектепті ұйымдастыру. 5. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру. Жазғы сауықтыру лагерінің жұмыс жоспарын бекіту. 6. Маусым -балаларды қорғау күнін өткізу.	Мектеп меңгерушісі, педагог-психолог, пән мұғалімдері

Педагогикалық кеңес туралы ереже

1. Жалпы бөлім

- 1.1. Педагогикалық кеңес – бұл мектепті басқарудың педагогикалық алқалы органы.
- 1.2. Педагогикалық кеңес педагогтардың кәсіби қызметінің барлық мәселелері бойынша басқарушылық шешімдер қабылдайды.
- 1.3. Педагогикалық кеңес мектеп басшылығының басқарушылық қызметінің педагогикалық мақсаттылығын қамтамасыз етуге арналған

2. Педкеңес қызметінің мақсаттары мен міндеттері

- 2.1. Мақсаты – мұғалімдердің мектеп қызметін жетілдіруге және оны жаңа сапалы жағдайға көшіруге бағытталған шығармашылық белсенділігін дамыту.
- 2.2. Міндеттері: мұғалімдер дайындығының ғылыми-теоретикалық және әдістемелік деңгейін көтеру; бүкіл ұжымды оқу-тәрбие үдерісін ары қарай жетілдіруге жұмылдыру; ОТМ ұйымдастыру, айқындау, жалпылау және тарату; алқалы шешім шығару және оны біртұтас ұжымдық қалыптасқан пікір мен мектептің барлық мұғалімдерінің бірлескен іс-қимылының негізінде жүзеге асыру.

3. Педкеңес құрамы және ұйымдастырушылық құрылымы

- 3.1. Мектептің барлық педагогикалық қызметкерлері педагогикалық кеңес мүшелері болып табылады.
- 3.2. Қажет болған жағдайда педагогикалық кеңес отырысына ата-аналар комитетінің төрағасы, оқушылардың өзіндік басқармасы органының өкілі, жекелеген оқушылар, ата-аналар, мектептен тыс ұйым қызметкерлері, базалық кәсіпорын, қоғамдық ұйым өкілдері және т. б. шақыртылуы мүмкін.
- 3.3. Мектеп директоры педагогикалық кеңес төрағасы болып табылады.
- 3.4. Бірінші педкеңесте бір оқу жылы мерзіміне хатшы бекітіледі.
- 3.5. Педкеңес шешімдерінің орындалуын бақылауды өкімшілік мүшелері немесе арнайы құрылған топ жүзеге асырады.

4. Педкеңес жұмысының мазмұны

- 4.1. Ұйымдастырушылық-үлестірушілік атқарымы.
 - 4.1.1. Оқушыларды емтиханға жіберу, сыныптан сыныпқа көшіру, қайта оқу курсына қалдыру және оқушылардың мектепті бітіруі, мадақтамалармен, мақтау қағаздарымен марапаттау.
 - 4.1.2. Әдістемелік бірлестіктер, шығармашылық және мәселелі топтар, ПТМ жетекшілерін, тәлімгерлерді сайлау және т. б.
 - 4.1.3. Педагог кадрларды орналастыру және оларды қолдану дұрыстығын бағалау.
 - 4.1.4. Педагогтарды олардың педагогикалық қызметтерінің нәтижелері бойынша марапаттау жөнінде жоғары тұрған білім беру органдарына жүгіну.
 - 4.1.5. Мектеп басшыларының, әдістемелік бірлестік, шығармашылық және мәселелі топ жетекшілерінің және т. б. педагогикалық және басқарушылық қызмет туралы есептерін тыңдау.
- 4.2. Әдістемелік атқарымы.
 - 4.2.1. Мұғалімнің кәсіптік-педагогикалық дайындығын жетілдіру: ғылыми-теоретикалық; әдістемелік; педагогикалық шеберлік тәсілдерін; ғылыми-зерттеу жұмысы дағдыларын.
 - 4.2.2. Ынтымақтастықтың ізгілікті қағидаттары арқылы педагогикалық қарым-қатынасты құратын оқу-тәрбие үдерісінің педагог-ұйымдастырушысы ретінде мұғалімнің педагогикалық өзіндік санасын қалыптастыру.
 - 4.2.3. Педагогикалық бастамашылық танытуға жайлы жағдай жасау.

- 4.2.4. Педагогикалық ұжымда мектептің алдында тұрған өзекті педагогикалық мәселелерді шешудің біртұтас, бірақ біртекті емес тәсілін қалыптастыру.
- 4.2.5. Озық педагогикалық тәжірибені жалпылау және енгізу.
- 4.3. Талдамалы-диагностикалық атқарымы.
- 4.3.1. Мектеп дамуының мақсаттары мен міндеттерін анықтау.
- 4.3.2. Мектептің жұмыс тәжірибесінде туындайтын психологиялық-педагогикалық мәселелерді анықтау.
- 4.3.3. Оқу-тәрбие үдерісіндегі ауытқушылықтардың, оқушылардың теріс қылықтарының себептерін айқындау.
- 4.3.4. Педагогикалық үдерістің даму болашағын болжау.
- 4.4. Эксперттік-консультациялық атқарымы.
- 4.4.1. Мектептің жұмыс режимінің педагогикалық мақсаттылығын, жұмыс аптасы мен оқу сабақтарының ұзақтығын, оқу нысанының қажеттілігі мен түрін және т. б. бағалау.
- 4.4.2. Педагогикалық эксперименттерді, білім мазмұнының (оқу жоспарларының, бағдарламалардың, оқулықтардың және т. б.) нұсқаларын, оқу-тәрбие үдерісінің нысандарын, әдістерін және жүзеге асыру тәсілдерін талқылау және талдау.
5. Педкеңес жұмысын ұйымдастыру
- 5.1. Педкеңес қызметі демократия, жариялылық, пікірлер плюрализмі, мектеп ұжымының барлық мүшелерінің мүдделерін құрметтеу және ескеру қағидаттары арқылы жүзеге асырылады.
- 5.2. Педкеңес мәжілістері қажеттілігіне қарай, тоқсанына ең көбі тоқсанына бір рет өткізіледі.
- 5.3. Педагогикалық кеңестік шешімдері кем дегенде оның мүшелерінің үштен екі бөлігі қатысқанда басым дауыс бойынша қабылданады және мектептің барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.
- 5.4. Қажет болған жағдайда педкеңес шешімдері құпия дауыс беру арқылы қабылданады.
- 5.5. Мектеп ұжымының мүшелері педкеңестің шешімімен келіспеген жағдайда мәселені қайта қарастыру үшін білім бөліміне жүгінуге құқылы.
- 5.6. Талқыланатын мәселелердің, қабылданған шешімдердің мазмұны хаттамаларға тіркеледі, оған кеңес төрағасы мен хатшысы қол қояды. Педкеңес хаттамалары белгіленген тәртіп бойынша мектеп істерінде сақталады.
6. Педкеңестің мектепшілік басқару органдарымен әрекеттестігі
- 6.1. Педкеңес және әкімшілік.
- 6.1.1. Әкімшілік педкеңес мүшелерінің басқарушылық-педагогикалық біліктіліктерін арттыруға септігін тигізеді.
- 6.1.2. Мектеп әкімшілігі педкеңес қызметінің нәтижелілігіне жайлы жағдай жасайды, оның шешімдерінің орындалуына ықпал етеді.
- 6.1.3. Әкімшілік өзінің басқарушылық қызметінің нәтижелері туралы педкеңестің алдында есеп береді.
- 6.2. Педагогикалық кеңес және әдістемелік кеңес.
- 6.2.1. Педагогикалық кеңес әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын, әдістемелік кеңестің сандық және сапалық құрамын, төрағаға үміткерді бекітеді.
- 6.2.2. Мерзім сайын әдістемелік кеңестің жұмысы туралы есептер тыңдайды.
- 6.2.3. Басшылық пен әдістемелік кеңес арасындағы жанжалды мәселелерді шешеді.

№17 «Еркіндік» бастауыш білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің педагогикалық кеңесінің
Хаттамасы №1

28.08.2021ж

Бірітілек ауылы

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылындағы мектептің оқу- тәрбие жұмыстарына талдау. 2021-2022 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмыстарының жылдық жоспарын, мектептің ішкі тәртіп ережесін және сабақ кестесін бекіту және 2021-2022 оқу жылындағы өзгерістер туралы.

(хабарламашы: <Б.Артыкбаева)

2. Тарификация, мұғалімдердің жүктемесін, сынып жетекшілердің пән бойынша жүктемелік сағаттарын бөлісу, мұғалімдердің күнтізбелік жоспарын бекіту.

(Хабарламашы: Б.Артыкбаева)

3. Жалпыға бірдей білім беруді қамту, 2021-2022 оқу жылындағы оқу- тәрбие жұмыстарын жоспарлау және іске асыру.

(Хабарламашы: Б.Артыкбаева)

4. Аттестациядан өтетін мұғалімдердің кестесін бекіту.

(Хабарламашы: Б.Артыкбаева)

5. 2021-2022 оқу жылындағы үлгілік оқу жоспарын тандау туралы.

(Хабарламашы: Б.Артыкбаева)

6. Мектеп оқушылары арасындағы ата-анасы жоқ, жетім және тұрмысы төмен балалардың тізімін бекіту.

(Хабарламашы: Т.Жандарбекова)

7. Лауазымдық міндеттерді бөлісу, бекіту.

(Хабарламашы: Б.Артыкбаева)

8. Өртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі Б.Артыкбаева 2021-2022 оқу жылындағы мектептің оқу- тәрбие жұмыстарына жеке тоқталып өтті. Аталған оқу жылында жетістіктермен қоса кемшіліктерде кездескендігін атап айтты. Алдағы уақытта кемшіліктер үстінде жүйелі жұмыстар жүргізіліп, нақты міндеттер қабылданатындығын ескертті.

Жарыс сөзге С.Усенбаева шығып аталған мәселені мақұлдай келе оқу тәрбие жұмыстарына ерекше мән беру керектігін айтып өтті. Осы мәселені негізге ала отырып, бірлесе нәтижелі еңбек ету етуге шақырды. Жарыс сөзге шыққан Б.Артыкбаева жаңа 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспарын таныстырып өтті. Жауаптыларды атап

айтты, аталған жоспарға сәйкес тиісті жұмыстарды жүргізу керектігін айтып өтті. Сабақ кестесін мектептің ішкі тәртіп ережесін сөз етті.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі Б.Артыкбаева 2021-2022 оқу жоспарымен таныстыра келе, сыныптарға бекітілген сынып жетекшілерді таныстырып өтті. Пән бойынша жүктемелік сағаттарды бөлісу жайында айтты. Мұғалімдердің апталық жүктемесімен таныстырып өтті. Мұғалімдердің күнтізбелік жоспарын уақтылы бекіту керектігін айтты.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі Б.Артыкбаева жалпыға бірдей білім беруден қамтуды 2021-2022 оқу жылында ұйымдастыруды жаңаландыру керектігін айтты. Жаңа оқу жылында 1-жарты жылындағы ашық сабақтар кестесімен таныстырды және толық мұғалімдер қамтыған кестені бекітуді ұсынды. Ұсыныс бір ауыздан қабылданды. Ашық сабақтар уақтылы өтілуі жайлы ескертілді.

4 Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі Б.Артыкбаева сөзге шығып осы оқу жылында аттестациядан өтетін мұғалімдер туралы айтқан анықты оқу жылында мектептегі аттестациядан өтетін мұғалімдер уақтылы іс-шараларын жинақтау керектігін ескертті.

5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі Б.Артыкбаева Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығының 1-қосымшасына және 2012 жылғы 8-қарашадағы №500 бұйрығының 1-қосымшасымен және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 04 қыркүйегіндегі №441 бұйрығына 1- қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 6-қосымшаларымен таныстырды. Үлгілік оқу жоспарындағы сағаттардағы ерекшеліктерге тоқталды. Аталған үлгілік оқу жоспарындағы белгіленген сағаттары бойынша оқылатындығы туралы айтып өтті. Мұғалімдер бірауыздан мақұлдады.

6. Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша мектептің педагог-психологы Т.Жандарбекова сөзге шығып мектептегі жартылай жетім, тұрмысы төмен отбасы балаларының кестесін жасап, бекіту керектігі туралы айтты. Мектепте 2021-2022 оқу жылында мектеп тарапынан жетім, жартылай жетім, тұрмысы төмен отбасы балаларына мемлекет тарапынан берілетін көмекке оқушылардың тізімі анықталып бекітуге ұсынды.

7.Күн тәртібіндегі жетінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі Б.Артыкбаева сөзге шығып мұғалімдердің лауазымдық міндеттерімен таныстырып өтті.

8.Күн тәртібіндегі сегізінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі Б.Артыкбаева барлық мұғалімдермен кінші қызметкерлерге мектептегі маскалық режимді қатаң сақтау керектігі, барлық сыныптарда антисептикақтың болуы, санитарлық талаптарды сақтау керектігі жайлы айтылды. Мектепте ашық жүйесі орнатылғандығы туралы айтылып, гуманитарка кірерде осы ашық жүйесін пайдалану керектігін айтып өтті. Оқушылар да осы санитарлық талаптарды сақтау керектігін қатаң ескертті.

Қаулы/етеді:

1. Жаңа 2021-2022 оқу жылына арналған оқу жоспары бекітілсін.
2. Мұғалімдердің күнтізбелік жоспары және апталық жүктемесі бекітілсін.
3. Аттестациядан өтетін мұғалімдердің кестесі бекітілсін.
4. 1 сыныптар 2021-2022 оқу жылында оқу сабақтары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығының 1-қосымшасына

және 2012 жылғы 8-қарашадағы №500 бұйрығының 1-қосымшасымен белгіленген сағаттары бойынша оқытылсын.

2,3,4 сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылы министрінің 2018 жылғы 04 қыркүйегіндегі №441 бұйрығына 1- қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 6- қосымшасымен белгіленген сағаттары бойынша оқытылсын.

5. 2021-2022 оқу жылында жартылай жетім, тұрмысы төмен оқушылардың тізімі анықталып бекітілсін.

6. Лауазымдық міндеттер бөліп бекітілсін.



[Signature]

Б.Артықбаева

[Signature]

А.Сулейменова

**№17 «Еркіндік» бастауыш білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің педагогикалық кеңесінің
Хаттамасы №2**

05.11.2021ж

Біртілек ауылы

Күн тәртібінде:

1. Нормативтік құжат талаптарына сәйкестік, педагогикалық кеңестің шешімдері мен ұсыныстарын орындау.

(Хабарламашы: Б.Артыкбаева)

2. 1-тоқсандағы оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуының салыстырмалы мониторингі.

(Хабарламашы: Б.Артыкбаева)

3. Kundelik.kz электронды журналының жүргізілуі туралы.

(Хабарламашы: Б.Артыкбаева)

4. Сынып жетекшісінің ұстанымы.

(Хабарламашы: А.Жумадилова)

5. Сынып жетекшісінің лауазымдық нұсқаулығын оқу және толықтыру.

(Хабарламашы: А.Жумадилова)

6. Оқушылар арасыдағы құқық бұзушылықтың алдын алу.

(Хабарламашы: Т.Жандарбекова)

7. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі Б.Артыкбаева сөз алып нормативтік құжаттардың жүргізілуі және талаптарға сәйкестігі туралы айтып өтті. Мектеп педагогтерінің жүргізу үшін міндетті құжаттары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығына сәйкес жүргізілуі керектігі жайлы айта келе, аталған бұйрық бойынша қысқа мерзімді сабақ жоспары, пәндер бойынша орта мерзімді жоспар, бөлім бойынша жиынтық бағалау мен тоқсандық жиынтық бағалау үлгісін, сонымен қатар, сынып жетекшілердің жүргізілуі тиіс міндетті құжаттарының тізбесі мен үлгілерін таныстырды. Ағымдағы оқу жылында міндетті түрде педагогтердің және сынып жетекшілерінің жүргізілуі тиіс нормативтік құжаттары талапқа сай, аталған бұйрық бойынша жүргізілуі керек екендігін айтты.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі Б.Артыкбаева сөзге шығып, 1-тоқсандағы оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуы туралы сөз етті. Сыныптар бойынша оқушылардың оқу үлгерімі төмендегіше болды:

2-сынып бойынша орташа балл-3,7, білім сапасы-66,6%;

3-сынып бойынша орташа балл-3,8, білім сапасы-46,6%;

4-сынып бойынша орташа балл-3,8, білім сапасы-50% нәтижені көрсетті.

Төмен білім сапасын көсеткен пән мұғалімдеріне алдағы уақытта оқушылардың білім сапасын көтеру бағытындағы жұмыстарды жандандыру керектігі жайлы айтты. Сонымен қатар 1-тоқсан барысында оқушылардың сабаққа қатысуы жайлы сөз қозғады. Оқушылардың сабаққа қатысуы бойынша жасалған мониторингтің қорытындысы

бойынша оқушылары көптеп сабақтан қалатын сынып 3-сынып екендігі анықталды. Мектеп меңгерушісі Б.Артыкбаева алдағы уақытта оқушылардың сабақтан себепсіз қатмауы үшін ата-аналармен, оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізі керектігін сынып жетекшілерге ескертті.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Б.Артыкбаева Kundelik.kz электронды журналының жүргізілуі туралы айтты. Kundelik.kz электронды журналы қатаң есептегі құжат екендігін ескеріп уақытылы әрі сапалы толтырылуы керек екендігін айта келе, жалпы 1-тоқсандағы электронды журналды жүргізу статистикасына тоқталып өтті. 100 пайыздық көрсеткішке жетпеген педагогтарды атап көрсетті. Алдағы уақытта журналды уақытылы әрі сапалы толтыру керектігін ескертті.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша А.Жумадилова сөзге шығып, өзінің «Сынып жетекшісінің ұстанымы» атты баяндамасын оқыды. Сынып жетекшісінің бала тәрбиесіндегі алатын орны зор екендігін айта келе, сынып жетекшісінің міндеті, мақсаты және ұстанымы туралы сөз етті.

5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша мектеп мұғалімі А.Жумадилова сынып жетекшісінің лауазымдық нұсқаулығын оқып таныстырды. Атап айтқанда сынып жетекшісінің қызметін ұйымдастыру, сынып жетекшісінің лауазымдық міндеттері, және білуге тиіс заңнамаларына тоқталып өтті.

6. Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша мектеп психологы Г.Жанарбекова сөз алып, оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу туралы айтты. Мектеп бойынша жалпы 103 оқушы білім алып жатқандығын айта келе, оқушылар арасында 1-тоқсан қорытындысы бойынша ешқандай құқық бұзушылық фактілері орын алмағандығын айтты. Сонымен қатар, қазіргі қоғамдағы оқушылар арасында орын алып жатқан тәртіпсіздіктерге тоқталып өтті. «Бала тәрбиесі-тал бесіктен» демекші, бала тәрбиесіне үлкен мән беріп, бей-жай қарамау керек екендігі туралы айтты.

Жарыссөзге мектеп мұғалімі Г.Данярова шығып айтылған сөздерді құптай келе, оқушылардың іс-әрекетіне немқұрайлы қарамау керектігін сөз етті. Оқушылардың тәртібін үнемі бақылауға алып, қадағалап отыру керектігін айтып өтті.

7. Күн тәртібіндегі жетінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі Б.Артыкбаева мектептегі санитарлық талаптардың сақталуы, және қысқы мерзімдегі сынып бөлмелерінің жылулығы туралы сөз етті.

Қаулы етеді:

1. Педагогтерінің жүргізу үшін міндетті құжаттары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығына сәйкес жүргізілсін.

2. 1-тоқсандағы оқушылардың үлгерімі қанағаттанарлық деп табылсын.

3. Kundelik.kz электронды журналын уақытылы әрі сапалы толтыру барлық мұғалімдерге ескертілсін.

4. А.Есенқұлованың баяндамасы қанағаттанарлық деп табылсын.

5. Сынып жетекшісінің лауазымдық нұсқаулығы орындалсын.

6. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жандандырылсын.

7. Мектептегі санитарлық талаптарды сақтау қатаң бақылауға алынсын.

Жиналыс төрайымы:  Б.Артыкбаева

Хатшы:  А.Сүлейменова

**№17 «Еркіндік» бастауыш білім беретін мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің педагогикалық кеңесінің
Хаттамасы № 3**

05.01.2022 ж

Біртілек ауылы

Күн тәртібінде:

*Тақырыбы: «Білімге деген сұраныстары ерекше оқушыларға білім беру
қызметінің мазмұны мен ұйымдастыру»*

1. Нормативтік құжат талаптарына сәйкестік, педагогикалық кеңестің шешімдері мен ұсыныстарын орындау.

(Хабарламашы: Б.Артыкбаева)

2. 2-тоқсандағы оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуының салыстырмалы мониторингі.

(Хабарламашы: С.Усенбаева)

3. Kundelik.kz электронды журналының жүргізілуі туралы.

((Хабарламашы: И.Смайылова))

4. Мектепте 2 жарты/жылдықка тарификация жасау.

(Хабарламашы: Б.Артыкбаева)

5. Түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі Б.Артыкбаева сөз алып нормативтік құжаттардың жүргізілуі және талаптарға сәйкестігі туралы айтып өтті. Мектепте 2 жарты/жылдықта педагогтерінің жүргізу үшін міндетті құжаттары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Аталған бұйрық бойынша қысқа мерзімді сабақ жоспары, пәндер бойынша орта мерзімді жоспар, бөлім бойынша жиынтық бағалау мен тоқсандық жиынтық бағалау үлгілері, сонымен қатар, сынып жетекшілердің жүргізілуі тиіс міндетті құжаттарының тізбесі мен үлгілерін және пысықтады. Ағымдағы оқу жылында міндетті түрде педагогтердің және сынып жетекшілерінің жүргізілуі тиіс нормативтік құжаттары талапқа сай, аталған бұйрық бойынша жүргізілуі керек екендігін айтты.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп мұғалімі С.Усенбаева сөзге шығып, 2-тоқсандағы оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуы туралы сөз етті. Сыныптар бойынша оқушылардың оқу үлгерімі төмендегіше болды:

сақталуы, маскамен жүру, кабинеттерге кварц лампаларын қою және қысқы мерзімдегі сынып бөлмелерінің жылулығы туралы сөз етті.

Қаулы етеді:

1. Мектеп педагогтерінің жүргізу үшін міндетті құжаттары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығына сәйкес жүргізілсін.
2. 2-тоқсандағы оқушылардың үлгерімі қанағаттанарлық деп табылсын.
3. Kundelik.kz электронды журналын уақытылы әрі сапалы толтыру барлық мұғалімдерге ескертілсін.
4. Мектепте 2 жарты/жылдыкка тарификация жасалып, бекітірілсін.
5. Мектептегі санитарлық талаптарды сақтау қатаң бақылауға алынсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Б.Артыкбаева

А.Сулейменова

№17 «Еркіндік» бастауыш білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің педагогикалық кеңесінің
Хаттамасы №5

25.03.2022 ж

Біртүзгі ауылы

Күн тәртібінде:

1. III-тоқсандағы оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуының салыстырмалы мониторингі.

(Хабарламашы: Б.Артыкбаева)

2. Kundelik.kz электронды журналының жүргізілу туралы.

(Хабарламашы: Н.Смайылова)

3. Тәрбие бойынша атқарылған жұмыстарының есебі.

(Хабарламашы: Л.Нурназарова)

4. «Мұғалімдер мен дарынды оқушылардың өзара әрекеттесу формалары мен әдістерін жетілдіру».

(Баяндамашы: Г.Даниярова)

5. Пәндік олимпиадаларға қатысу нәтижелері.

(Хабарламашы: Г.Даниярова)

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп меңгерушісі Б.Артыкбаева сөз алып 3-тоқсанның қорытындысына тоқталды. 3-тоқсанда мектептің жалпы білім сапасы -50 пайызды құрағандығын айта келе, өткен тоқсанмен салыстырғанда білім сапасы 3 пайызға артқандығын айтып өтті. Дегенмен, мұғалімдерге оқушылардың білім сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарды жандандыру қажет екендігін айтты. Әр сынып бойынша білім сапасын талдай келе, төмен сапа көрсеткішін көрсеткен пән мұғалімдеріне алдағы уақытта білім сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарды жандандыру қажет екендігі ескертілді.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп мұғалімі Н.Смайылова Kundelik.kz электронды журналының жүргізілуі туралы айтып өтті. 3-тоқсан қорытындысы бойынша пән мұғалімдерінің жеке пайыздық көрсеткіштерін атап көрсетті. 3-тоқсанда оқушының формативті бағасы, БЖБ,ТЖБ баллдары ешбір пән мұғалімдері тарапынан өзгертуге жол берілмегендігін атап өтті. Электронды журнал қатаң есептегі құжат екендігін ескеріп, журналды уақытылы әрі сапалы толтыру керектігін ескертті.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп тәлімгері Л.Нурназарова 3-тоқсандағы тәрбие жұмысы бойынша атқарылған жұмыстарының есебін берді. Л.Нурназарова өз сөзінде мектепте жалпы 103 оқушы, мектеп алды дайындық тобында 16 тәрбиеленуші білім алып жатқандығын айта келе, тәрбие жұмысының жылдық жоспарына сәйкес 3-тоқсанда атап өтілетін іс-шаралар өз деңгейінде атап өтілгендігін, мектеп оқушылары өткізілген түрлі іс-шараларға белене қатысқандығын айтып өтті. Сонымен қатар 1,2 сыныптағы қыздар арасында қыз балаларды адамгершілік, адалдық, инабаттылық қасиеттерді бойына сіңіру, халқымыздың ізгі қасиеттері: имандылық, инабаттылық негізінде тәрбиелеу мақсатында «Қыз сыны» байқауы өткізіліп, жеңімпаз оқушы қыздар анықталып, жүлделі орындармен марапатталғанын айтып өтті.

4.Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша мектептің педагог-психологы Т.Жандарбекова «Мұғалімдер мен дарынды оқушылардың өзара әрекеттесу формалары мен әдістерін жетілдіру» тақырыбындағы баяндамасымен таныстырды. Ол өз баяндамасында дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырудағы басты міндет балалардың қабілеттері мен талаптарын жан-жақты аша түсу үшін дарындылықтың ерекшеліктерін анықтау мен айқындау болып табылатындығын айтты. Ең алдымен баланың даму ерекшелігіне көңіл бөліп, одан кейін ата-анасымен тығыз байланыс жасап, ол баланың неге бейім екендігін ескеру керектігін, сонымен қатар баланың психологиясын педагогикалық тұрғыдан жете бақылап, әр баланың жеке дара қасиеттерін, қабілеттерін ашуда жүргізуге болатын түрлі жұмыстарға тоқталды.

5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша мектеп мұғалімі Г.Данярова сөз алып мектеп меңгерушісінің 10 наурыз күнгі №20 бұйрығына сәйкес 19-наурыз күні мектепшілік пән олимпиадасы 3-4 сынып оқушыларына қазақ тілі, математика пәндерінен өткізілді. Олимпиада бір кезеңде ұйымдастырылып, оқушылардың білімі сарапқа салынып, жүлделі 1-орынға ие болған 4 оқушы олимпиаданың аудандық кезеңінің тізіміне енгізілгендігін айтып өтті.

Жарыссөзге мектеп меңгерушісі шығып, олимпиаданың аудандық кезеңі 30-наурыз күні өтілетіндігін еске салып, оқушылардың аудандық пән олимпиадасына баратын оқушылардың дайындығын пысықтауды мұғалімдерге тапсырды.

Қаулы етеді:

- 1.ІІІ-тоқсан қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.
- 2.Kundelik.kz электронды журналы уактылы әрі сапалы толтыру барлық мұғалімдерге ескертілсін.
- 3.Мектеп тәлімгері А.Бижанова 3- тоқсандағы тәрбие бойынша атқарылған жұмыстарының есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
- 4.Г.Данярованың баяндамасы қанағаттанарлық деп табылсын, дарынды оқушылармен жұмыс жандандырылсын.



[Signature]
[Signature]

Б.Артыкбаева

А.Сулейменова